



## Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан N 94-II

Қазақстан Республикасы Хельсинкиде (Финляндия) 1992 жылғы 17 наурызда жасалған Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылсын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

## ШЕКАРААРАЛЫҚ СУ АРНАЛАРЫ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛДЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ КОНВЕНЦИЯ

(2001 жылғы 11 сәуірде күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)  
1992 жылғы 17 наурызда Хельсинкиде жасалған.

### КІРІСПЕ

Осы Конвенцияның Тараптары:

- шекаралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану маңызды және кезек күттірмес міндеттер болып табылатынын, оларды тиімді түрде шешу тығыз ынтымақтастық жасау арқылы ғана қамтамасыз етілуі мүмкін екенін түсіне отырып,

- Еуропалық экономикалық комиссияға (ЕЭК) мүше елдердің қоршаған ортасы, экономикасы және әл-ауқаты үшін шекаралық су арналары мен халықаралық көлдердің жай-күйінің өзгеруінің қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді перспективада теріс ықпалының орын алуына және оның қатер төндіруіне байланысты алаңдаушылық білдіре отырып,

- су айдынына қауіпті заттардың тасталуының алдын алу, шектеу және қысқарту жөніндегі және эфтрофикация мен қышқылдануды, сондай-ақ әсіресе теңіз жағалауындағы аудандарда құрлықта орналасқан көздерден теңіз ортасының ластануын азайту жөніндегі ұлттық және халықаралық шараларды нығайту қажеттігін атап көрсете отырып,

- шекаралық ластанудың алдын алу, шектеу және қысқарту, су ресурстарын тұрақты басқару, оларды сақтау және қоршаған органды қорғау мақсатында ынтымақтастықты нығайту үшін екі жақты және көп жақты негізде ЕЭК-ға мүше елдердің үкіметтері

казіргі кезде қолданып жатқан құш-жігерді құптай отырып,

- Адамды қоршаған орта проблемалары жөніндегі Стокгольм конференциясы декларациясының, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің (ЕҚЫК) қорытынды актісінің, ЕҚЫК-ке қатысушы мемлекеттер өкілдерінің Мадрид және Вена кездесулерінің қорытынды құжаттарының және ЕЭК-ға мүше елдерде қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған аймақтық стратегиясының және басқа құжаттардың тиісті ережелері мен қағидаларына сілтеме жасай отырып,

- шекаралық сулардың ластануының алдын алу шектеу және қыскарту мен оларды тұрақты пайдалану жөніндегі халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесуге Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының атқаратын ролін түсіне отырып және осыған байланысты су ресурстарының ластануының, оның ішінде шекаралық ластанудың алдын алу және онымен құресу саласындағы саясат туралы ЕЭК-ның Декларациясы; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы саясат туралы ЕЭК-ның Декларациясы; ЕЭК-ның шекаралық сулар саласындағы ынтымақтастық қағидаттары; ЕЭК-ның жерасты суларын ұтымды пайдалану хартиясы және шекаралық ішкі сулардың авариялық ластануы кезіндегі іс-әрекет жасау кодексі

жайдада еске сала отырып,

- Еуропалық экономикалық комиссия оның тиісінше қырық екінші және қырық төртінші сессияларында қабылдаған шешімдерге 1(42) және 1(44) және ЕҚЫК-ке қатысушы мемлекеттер өкілдерінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі кеңесінің (София, Болгария, 1989 жылғы 16 қазан) қорытындыларына сілтеме жасай отырып,

- шекаралық суларды қорғау және пайдалану саласындағы мүше елдер арасындағы ынтымақтастықтың ең алдымен белгілі бір су айдынымен шектесіп жатқан жағалаудағы елдер арасында келісімдер жасау, әсіресе осындай келісімдерге әзірше қол жете қоймаған кездерде келісімдер жасау арқылы жүзеге асырылуға тиіс екенін атап

көрсете отырып,

төмендегілер жайында уағдаласты:

## 1-бап АНЫҚТАМАЛАР

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1. "Шекаралық сулар" екі және одан да көп мемлекеттер арасындағы шекараны қып өтетінін немесе осындай шекараларда орналасқанын білдіретін қандай да болсын жер бетіндегі немесе жер астындағы суларды білдіреді; шекаралық сулар тікелей теңізге келіп құбытын жағдайларда осындай шекаралық сулардың шегі олардың арнасын олардың жағалауларындағы шағын судың шебінде орналасқан нұктелер аралығында қиып өтетін түзу сыйықпен шектеледі.

2. "Шекаралық әсер" табиғи көзі толықтай немесе ішінара белгілі бір тараптың

юрисдикциясында орналасқан адам қызметінен туындастын шекаралық сулардың жай-күйінің өзгеруі нәтижесінде басқа Тараптың юрисдикциясында орналасқан аудандағы қоршаған орта үшін пайда болатын кез-келген едәуір зиянды зардаптарды білдіреді. Қоршаған орта үшін осындай зардаптар қатарына адамның денсаулығы мен қауіпсіздігі; флора, фауна, топырақ, ауа, су, климат, ландшафт, тарихи ескерткіштер және басқа да материалдық объектілер үшін болатын зардаптар немесе осы факторлардың бір-біріне әсер етуі жатады; олардың қатарына сондай-ақ осы факторлардың өзгеруі салдарынан мәдени мұра немесе әлеуметтік-экономикалық жағдайлар үшін пайда болатын зардаптар жатады.

3. "Тарап", егер мәтінде өзгеше нұсқама болмаса, осы Конвенцияның Уағдаласуышы Тарабын білдіреді.

4. "Жағалаудағы Тараптар" белгілі бір шекаралық сулармен шектесетін Тараптарды білдіреді.

5. "Бірлескен орган" жағалаудағы Тараптар арасында ынтымақтастық жасауға арналған кез-келген екі жақты немесе көп жақты комиссияны немесе басқа да тиісті ұйымдық құрылымдарды білдіреді.

6. "Қауіпті заттар" әсіресе олар бірқалыпты болып табылатын кездегі улы, канцерогенді, мутагенді, тератогенді немесе биоаккумуляцияланатын сипаттағы заттар болып табылады.

7. "Ең жақсы қолда бар технология" (анықтамасы осы Конвенцияның 1-көсімшасында келтірілген)

## I БӨЛІМ БАРЛЫҚ ТАРАПТАРҒА ҚАТЫСТЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 2-бап ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Тараптар кез-келген шекаралық әсердің алдын алу, шектеу және қысқарту үшін барлық тиісті шараларды қолданады.

2. Тараптар, атап айтқанда:

а) шекаралық әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін сулардың ластануының алдын алу, шектеу және қысқарту үшін;

б) су ресурстарын экологиялық түрғыда негізделген және ұтымды түрде басқару, оларды сақтау және қоршаған ортаны қорғау мақсатында шекаралық сулардың пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін;

с) шекаралық әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметті жүзеге асыру кезінде шекаралық сулардың шекаралық сипатын ерекше ескере отырып, олардың ақылға қонымды және әділетті түрде пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін;

д) экологиялық жүйелерді сақтауды қамтамасыз ету және, қажет болған жағдайда, қалпына келтіру үшін барлық тиісті шараларды қолданады.

3. Судың ластануының алдын алу, шектеу және қысқарту жөнінде, мүмкіндігіне қарай, ластану көзінде шаралар қолданады.

4. Бұл шаралар төтесінен болсын, жанама түрде болсын, ластанудың қоршаған ортаның басқа компоненттеріне ауысуына душар етпеуге тиіс.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған шараларды жүзеге асыру кезінде Тараптар мына қағидаттарды басшылыққа алады:

а) сақтық шараларын қолдану қағидаты, оған сәйкес қауіпті заттардың сыртқа шығуының ықтимал шекаралық әсерінің алдын алу жөніндегі шаралар ғылыми зерттеулер бір жағынан осы заттардың, екінші жағынан ықтимал шекаралық әсердің арасындағы себеп-салдар байланысын толық дәрежесінде анықтамады деген негізде кейінгे қалдырыла мауға тиіс;

б) "ластаушы төлейді" қағидаты, оған сәйкес ластанудың алдын алу, шектеу және қысқарту жөніндегі шараларға байланысты шығындарды ластаушы өтейді;

с) су ресурстарын басқару қазіргі ұрпақтың қажеттері келешек ұрпақтардың өз қажеттерін қанағаттандыру мүмкіндігіне нұқсан келтірмей қанағаттандырылатындей етіп жүзеге асырылады.

6. Жағалаудағы Тараптар шекаралық әсерді қамтамасыз ету және қысқарту үшін тиісті су арналарын немесе олардың бөліктерін қамтитын келісілген саясат, бағдарламалар мен стратегиялар жасау мақсатында және шекаралық сулардың қоршаған ортасын осында сулардың, оның ішінде теңіз ортасының әсеріндегі қоршаған ортаны қорғау мақсатында екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу арқылы теңдік пен өзара тәуелділік негізінде ынтымақтастық жасайды.

7. Осы Конвенцияны қолдану экологиялық жағдайлардың нашарлауына да, шекаралық әсердің күшеюіне де әкеп соқпауға тиіс.

8. Осы Конвенцияның ережелері осы Конвенцияда көзделгеннен басқа неғұрлым қатаң шараларды жеке немесе бірлесіп жүзеге асыру жөніндегі Тараптардың құқығын қозғамайды.

### **3-бап АЛДЫН АЛУ, ШЕКТЕУ ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУ**

1. Шекаралық әсердің алдын алу шектеу және қысқарту үшін Тараптар тиісті құқықтық, әкімшілік, экономикалық, қаржылық және техникалық шаралар жасайды, бекітеді, жүзеге асырады және мүмкіндігіне қарай, атап айтқанда:

а) мәселен, қалдығы аз және қалдықсыз технологияны қолдану арқылы ластаушыларды сыртқа шығару кезінде алдын алуды, шектеуді және қысқартуды;

б) шекаралық суларды олардың нүктелік көздерінің ластануынан қорғауды, білікті ұлттық органдардың сарқынды суларды ағызуға рұқсатты алдын-ала беруі арқылы алдын алуды, шектеуді және қысқартуды және рұқсат етілген сарқынды сулар ағызуға

мониторингті жүзеге асыруды және оларға бақылау жасауды;

с) қауіпті заттарды сыртқа шығару үшін қолда бар ең жақсы технологиялар негізінде рұқсаттарда көрсетілетін сарқынды сулар ағызу үшін қажет шекті нормаларды айқындаап алуды;

d) егер мұны су қабылдағыштың немесе экологиялық жүйенің тиісті сапасын сақтау қажеттігі талап етіп отырса, жекелеген жағдайларда ағызуға тыйым салуға әкеп соғатын неғұрлым қатаң талаптар енгізуді;

e) коммуналдық-тұрмыстық сарқынды суларға қатысты тым болмаса биологиялық тазартуды немесе соған балама процестерді қолдануды, бұл орайда оны қажет болған жерлерде кезең-кезеңмен қолдануды;

f) атап айтқанда, өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық көздерден биогенді заттардың түсуін қысқарту мақсатында қолда бар ең жақсы технологияны қолдану мақсатында тиісті шараларды жүзеге асыруды;

h) қоршаған ортаға әсерді бағалау әдісін және бағалаудың басқа да әдістерін қолдануды;

i) су ресурстарын тұрақты басқаруды, оның ішінде экологиялық жүйелік көзқарастың қолданылуын ынталандыруды;

k) жерасты суларының ластануына жол бермеу жөнінде қосымша нақты шаралар қолдануды жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін олардың үйлесімді болуына қол жеткізеді.

2. Бұл үшін әрбір Тарап қолда бар ең жақсы технологияның негізінде нүктелі көздерден жер бетіндегі суларға құйылатын сарқындыларда ластаушыларды күтіп ұстаудың қауіпті заттардың көздері болып табылатын өнеркәсіптің жекелеген салаларына немесе секторларына нақты қолданылатын шекті нормаларын белгілейді, осы баптың 1-тармағында айтылған қауіпті заттардың нүктелік және диффузиялық көздерден суларға келіп түсуінің алдын алу, шектеу және қысқарту жөніндегі тиісті шаралар, атап айтқанда, осындай заттарды өндіруге немесе пайдалануға толық немесе ішінара тыйым салуды қамтуы мүмкін. Халықаралық конвенцияларда немесе осы Конвенцияда қолданылатын ережелерде айтылған осындай өнеркәсіп салаларының немесе секторларының немесе осындай қауіпті заттардың тізімдері назарға алынады.

3. Сонымен бірге әрбір Тарап, бұл қажет болған жерлерде, су сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындауды және шекаралық әсердің алдын алу, шектеу және қысқарту үшін су сапасының өлшемдерін бекітеді. Осындай нысаналы көрсеткіштер мен өлшемдер жасаудың жалпы қағидаттары осы Конвенцияның III-қосымшасында келтірілген. Қажет болған жағдайда Тараптар осы қосымшаны жаңартуға бағытталған күш-жігер жұмсайды.

## 4-бап МОНИТОРИНГ

Тараптар шекаралық сулардың жай-күйінің мониторингі бағдарламаларын жасайды

## **5-бап ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТАЛДАМАЛАР**

Тараптар шекаралық әсердің алдын алудың, шектеудің және қысқартудың тиімді әдістері саласында зерттеулер мен талдамалар өткізуде ынтымақтастық жасайды. Бұл үшін Тараптар тиісті халықаралық форумдардың ғылыми-зерттеу қызметін ескере отырып, екі жақты және/немесе көп жақты негізде қажет болған жағдайда, атап

а) қауіпті заттардың улылығын және ластаушылардың зиянын бағалау әдістерін жасауға;

б) ластаушылар мен тиісті процестердің болуы, таралуы және олардың қоршаған ортаға әсері туралы білімдер деңгейін арттыруға;

с) экологиялық жағынан негізделген технологиялар, өндіріс әдістерін және тұтыну құрылымдарын жасауға және қолдануға;

д) шекаралық әсер етуі мүмкін заттар өндіру мен қолдануды кезең-кезеңмен тоқтатуға және/немесе оларды алмастыруға;

е) қауіпті заттарды жоюдың экологиялық жағынан негізделген әдістерін жасауға;

ф) шекаралық сулардың жай-күйін жақсартудың арнаулы әдістерін жасауға;

г) су шаруашылығы объектілерін салудың экологиялық жағынан негізделген әдістерін және су режимін реттеу тәсілдерін жасауға;

х) шекаралық әсердің салдарынан болатын нұқсанға табиғи және қаржылық баға беруге бағытталған нақты ғылыми-зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыруға немесе жаңадырыға .

ҰМТЫЛАДЫ .

Ғылыми-зерттеу бағдарламаларының нәтижелерін алмасу Тараптар арасында осы Конвенцияның 6-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

## **6-бап АҚПАРАТ АЛЫСУ**

Тараптар барынша қысқа мерзім ішінде осы Конвенцияның ережелері қамтитын мәселелер бойынша неғұрлым кең көлемде ақпарат алысады қамтамасыз етеді.

## **7-бап ЖАУАПКЕРШІЛК**

Тараптар жаупкершілік саласында нормалар, өлшемдер және рәсімдер жасау жөніндегі тиісті халықаралық күш-жігерге қолдау көрсетеді.

## **II БӨЛІМ ЖАҒАЛАУДАҒЫ ТАРАПТАРФА ҚАТЫСТЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

## **9-бап ЕКІЖАҚТЫ ЖӘНЕ КӨПЖАҚТЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ**

1. Жағалаудағы Тараптар теңдік пен өзара мүдделілік негізінде шекаралық әсердің алдын алу шектеу және қысқарту саласындағы өздерінің өзара қатынастары мен іс-әрекетін анықтап алу үшін әлі осындайлар болмаған жағдайларда екіжақты және көпжақты келісімдер немесе басқа да уағдаластықтар жасасады немесе осы Конвенцияның негізгі қағидаттармен арадағы қайшылықтарды жою мақсатында қажет болған жерлерде қолданылып жүрген келісімдерге немесе уағдаластықтарға өзгерістер енгізеді. Жағалаудағы Тараптар үнтымақтастық жасалып отырған су арнасының немесе оның бөлігінің (бөліктерінің) шекарасын нақты белгілейді. Бұл келісімдер немесе уағдаластықтар осы Конвенция қозғайтын тиісті мәселелерді, сондай-ақ жағалаудағы Тараптар үнтымақтастық жасау қажет деп есептеуі мүмкін басқа да мәселелерді .

қ а м т и д ы .

2. Осы Конвенцияның 1-тармағында көрсетілген келісімдер немесе уағдаластықтар бірлескен органдар құруды қарастыруға тиіс. Осы бірлескен органдардың міндеттері, атап айтқанда, тиісті қолданылып жүрген келісімдерге немесе уағдаластықтарға нұқсан к е л т і р м е й ;

а) шекаралық әсер етуі мүмкін ластау көздерін анықтау мақсатында мәліметтер жинау, жинақтау және оларды бағалау;

б) сулардың сапалық және сандық көрсеткіштері мониторингінің бірлескен бағдарламаларын жасау;

с) осы баптың 2а тармағында көрсетілген ластау көздерінің тізілімдерін жасау және олар туралы ақпарат алысу;

д) сарқынды сулар ағызы үшін шекті нормалар жасау және ластанумен күрес жөніндегі бағдарламалардың тиімділігін бағалау;

е) осы Конвенцияның 3-бабының 3-тармағының ережелерін ескере отырып, су сапасының бірыңғай мақсатты көрсеткіштер мен өлшемдер және судың қазіргі сапасын сақтау және, қажет болған жағдайда, жақсарту жөніндегі тиісті шараларға қатысты ұсныстар жасау;

ф) нұктелі көздерден де (мәселен, коммуналдық-тұрмыстық және өнеркәсіптік көздерден), диффузиялық көздерден де (әсіреле ауылшаруашылық көздерінен) ластану көлемін азайту жөнінде келісілген іс-қимыл бағдарламаларын жасау;

г) хабарландыру мен дабыл соғу рәсімдерін қолдану;

х) шекаралық әсер етуі мүмкін су пайдаланудың қазіргі және жоспарланып отырған түрлері мен тиісті қондырғылар жөнінде ақпарат алысу үшін форум ретінде бой көрсету;

і) осы Конвенцияның 13-бабының ережелеріне сәйкес үнтымақтастық жасауға және қолда бар ең жақсы технологиялар туралы ақпарат алысуға жәрдемдесу, сондай-ақ ғылыми-зерттеу бағдарламалары саласындағы үнтымақтастыққа жәрдемдесу;

j) тиісті халықаралық нормалардың негізінде шекаралық сулар жөнінде қоршаган ортаға әсерге бағалау жасауға қатысу болып табылады.

3. Осы Конвенцияның Тараптың болып табылатын жағалаудағы мемлекет тікелей және елеулі түрде шекаралық әсерге ұшырайтын жағдайларда жағалаудағы Тараптар, егер олардың бәрі осыған келіссе, осы жағалаудағы мемлекетке осындай шекаралық сулардың жағалауындағы Тараптар құрған көпжакты бірлескен органдардың қызметіне тиісінше қатысады ұсына алады.

4. Осы Конвенцияда көзделген бірлескен органдар шекаралық әсерге тікелей ұшырайтын теңіз ортасын қорғау үшін жағалаудағы мемлекеттер құрған бірлескен органдарға олардың жұмысын келісіп алу және шекаралық әсердің алдын алу, шектеу және қысқарту мақсатында ынтымақтастық жасауды ұсынады.

5. Бір су көзі шеңберінде екі немесе одан да көп бірлескен орган болған жағдайларда олар осы су көзі шеңберінде шекаралық әсердің алдын алу, шектеу және қысқарту жөніндегі шараларды нығайтуға жәрдемдесу үшін өздерінің қызметін үйлестіруге тырысады.

## 10-бап КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

Консультациялар жағалаудағы Тараптар арасында кез-келген Тараптың өтініші бойынша өзара мұдделілік, ізгі ниет және тату көршілік негізінде жүргізіледі. Осындай консультациялардың мақсаты осы Конвенцияның ережелері қамтитын мәселелер бойынша ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Кез-келген осындай консультациялар бірлескен орган болған жағдайда осы Конвенцияның 9-бабына сәйкес құрылатын соның көмегімен өткізіледі.

## 11-бап БІРЛЕСКЕН МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

1. Осы Конвенцияның 9-бабында айтылған ынтымақтастықтың немесе нақты уағдаластықтардың шеңберінде жағалаудағы елдер шекаралық сулардың, оның ішінде су тасқындары мен мұз құрсауларының, сондай-ақ шекаралық әсердің жай-күйі мониторингінің бірлескен бағдарламаларын жасайды және жүзеге асырады.

2. Жағалаудағы Тараптар ластану өлшемдері мен ластаушылар тізбелерін келісіп алады, ластаушылардың сыртқа шығуы мен шоғырлануына шекаралық суларда жүйелі бақылау мен бақылау жүргізіледі.

3. Жағалаудағы Тараптар жүйелі уақыт аралығында бірлесіп немесе бір бірімен келісе отырып шекаралық сулардың жай-күйіне, сондай-ақ шекаралық әсердің алдын алу, шектеу немесе қысқарту үшін қолданылатын шаралардың тиімділігіне бағалау жүргізіп тұрады. Осы бағалаулардың нәтижелері осы Конвенцияның 16-бабында айтылған ережелерге сәйкес жүртшылықтың назарына жеткізіледі.

4. Осы мақсаттарда Жағалаудағы Тараптар мониторинг бағдарламаларын, өлшеу

жүйелерін, приборлар, талдау әдістерін, деректерді өндөу және бағалау рәсімдерін, сондай-ақ ластаушылардың сыртқа шығуын тіркеу әдістерін жасау мен қолдануға қатысты ережелерді келісіп алады.

## **12-бап БІРЛЕСКЕН ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН ТАЛДАМАЛАР**

Осы Конвенцияның 9-бабында айтылған жалпы ынтымақтастықтың немесе нақты уағдаластықтардың шенберінде жағалаудағы Тараптар осы жағалаудағы Тараптар белгілеп, бекітуді ұйғарған нысаналы көрсеткіштер мен су сапасының өлшемдеріне қол жеткізу және олардың сақталуын қамтамасыз ету мүддесі үшін нақты зерттеулер мен талдамалар өткізеді.

## **13-бап ЖАҒАЛАУДАҒЫ ТАРАПТАР АРАСЫНДА АҚПАРАТ АЛЫСУ**

1. Жағалаудағы Тараптар тиісті келісімдер немесе басқа уағдаластықтар шенберінде осы Конвенцияның 9-бабына сәйкес нақты қол жетерлік деректер, атап айтқанда:

- a) шекаралық сулардың экологиялық жай-күйі;
- b) ең жақсы технологияны қолдану мен пайдалану саласында, зерттеулер мен талдамалар нәтижесінде жинақталған тәжірибе;
- c) тастандылар мен мониторинг нәтижелері;

d) шекаралық әсердің алдын алу, шектеу және қысқарту жөнінде қолданылып және жоспарланып жатқан шаралар;

e) құзыретті өкімет орындары немесе тиісті орган беретін немесе белгілейтін сарқынды сулардың сыртқа шығарылуы жөніндегі рұқсаттар немесе ережелер туралы деректер алдысип тұрады.

2. Сыртқа шығару үшін шекті нормаларды келісіп алу мақсатында жағалаудағы Тараптар өздерінің ұлттық ережелері туралы ақпарат алдысип тұрады.

3. Егер әлдеқандай жағалаудағы Тарапқа басқа жағалаудағы Тарап жоқ деректерді немесе ақпаратты беру туралы өтініш жасаса, бірінші жағалаудағы Тарап осы өтінішті қанағаттандыру үшін шаралар қолдануға тиіс, алайда ол оны орындау үшін сұрау салып отырган Тараптан осындай деректерді немесе ақпаратты жинауға және қажет болған жағдайда өндөуге байланысты ақылға қонымды шығындарды төлеуді талап ете алады.

4. Осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсаттары үшін жағалаудағы Тараптар қолда бар ең жақсы технологияны алмасуға, атап айтқанда, қолда бар технологияны коммерциялық алмасу; өнеркәсіпте, оның ішінде бірлескен кәсіпорындарда тікелей байланыс пен ынтымақтастық жасау; ақпарат пен тәжірибе алдысу; және техникалық көмек көрсету арқылы алмасуға жәрдемдеседі. Жағалаудағы Тараптар сондай-ақ кадрлар даярлау саласында бірлескен бағдарламаларды жүзеге асырады және тиісті семинарлар мен кеңестер ұйымдастырады.

## **14-бап ХАБАРЛАНДЫРУ МЕН ДАБЫЛ ҚАҒУ ЖҮЙЕЛЕРИ**

Жағалаудағы Тараптар шекаралық әсерге себеп болуы мүмкін қандай да болсын қауіпті жағдай туралы бір біріне дереу хабарлайды. Жағалаудағы Тараптар ақпарат алу және беру мақсатында үйлестірілген немесе бірлескен байланыс, хабарландыру және дабыл қағу жүйелерін құрады, қажет болған жағдайда пайдаланады. Бұл жүйелер жағалаудағы Тараптар арасында келісілуге тиіс деректерді беру мен өндеудің үйлесімді рәсімдері мен техникалық құралдарын қолдану негізінде пайдаланылады. Жағалаудағы Тараптар осы мақсаттар үшін құрылған құзыретті органдар немесе байланыс орталықтары жайында бір-біріне хабарлайды.

## **15-бап ӨЗАРА КӨМЕК**

1. Қауіпті жағдай пайда болған кезде жағалаудағы Тараптар сұрау салу бойынша осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес белгіленетін рәсімдерге сәйкес өзара  
көмек көрсетеді.

2. Жағалаудағы Тараптар, атап айтқанда:

- a) басшылыққа, бақылауға, үйлестіруге және көмек көрсетілуін қадағалауға;
- b) көмек көрсету туралы өтініш жасаған Тарап беретін жергілікті құралдар мен көрсететін қызметтерге, оның ішінде қажет болған жағдайда шекаралық формальді мәселелерді ықшамдауға;
- c) нұқсанның болуына жол бермеу, көмек көрсететін Тарапқа және/немесе оның қызметкерлеріне залалдың орнын толтыру және/немесе оны өтеу жөніндегі шараларға;
- d) көмек көрсету жөніндегі қызметтерге байланысты шығындарды өтеу шарттарына қатысты өзара көмек көрсету рәсімдерін жасайды және келісіп алады.

## **16-бап**

1. Жағалаудағы Тараптар шекаралық сулардың жай-күйі, шекаралық әсердің алдын алу, шектеу және қысқарту мақсатында қолданылатын немесе жоспарланатын шаралар жайында, сондай-ақ осы шаралардың тиімділігі жайында жүртшылыққа хабарлауды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта жағалаудағы Тараптар жүртшылыққа:

- a) су сапасының нысаналы көрсеткіштері;
- b) берілетін рұқсаттар және сақталуға тиіс шарттар;

c) мониторинг пен бағалау мақсатында жасалатын су мен ағынды су үлгілерін алу нәтижелері, сондай-ақ су сапасының нысаналы көрсеткіштерін немесе рұқсаттарда айтылған шарттардың сақталуын тексеру нәтижелері туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз етеді.

2. Жағалаудағы Тараптар жүртшылыққа тексеру мақсатында осы ақпаратпен ақылға

қонымды мерзімде тегін танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді және жағалаудағы Тараптардан ақылға қонымды ақыға осындай ақпараттың көшірмесін алу үшін жүртшылық өкілдеріне нақты мүмкіндіктер береді.

### ІІІ БӨЛІМ ҰЙЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

#### 17-бап ТАРАПТАР КЕҢЕСІ

1. Тараптардың бірінші кеңесі осы Конвенция құшіне енген күннен бастап бір жылдан кешіктірмей шақырылады. Содан кейін кезекті кеңестер үш жылда бір рет немесе рәсім ережелеріне сәйкес жиірек шақырылады. Егер Тараптар кезекті кеңесте бұл жайында шешім қабылдаса немесе олардың бірі жазбаша түрде тиісті өтініш жасаса, бұл өтінішті барлық Тараптар хабарланған күннен бастап алты ай ішінде Тараптардың кемінде үштен бірі қолдаса, олар кезектен тыс кеңестер өткізеді.

2. Тараптар өздерінің кеңестерінде осы Конвенцияның жүзеге асырылу барысын қарайды және осы мақсатта:

а) шекаралық суларды қорғау мен пайдалануды одан әрі жақсарту үшін Тараптардың шекаралық суларды қорғау мен пайдалану жөніндегі саясаты мен әдістемелік көзқарастарына шолу жасайды;

б) қатысушылары бір немесе одан көп Тараптар болып табылатын шекаралық суларды қорғау мен пайдалану жөніндегі екі жақты және көп жақты келісімдерді немесе басқа уағдаластықтарды жасау мен жүзеге асыру кезінде жинақталған тәжірибе тұралы ақпарат алысады;

с) қажет болған жағдайда осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге байланысты барлық мәселелер бойынша ЕЭК-ның тиісті органдарының, сондай-ақ басқа да құзыретті халықаралық органдардың және нақты комитеттердің қызметін пайдаланады;

д) өзінің бірінші кеңесінде өз кеңестері рәсімінің ережелерін қарайды және консенсуспен қабылдайды;

е) осы Конвенцияга түзетулер енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарайды және қабылдайды;

ф) осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет болып қалуы мүмкін кез-келген қосымша шараларды қарайды және жүзеге асырады.

#### 18-бап ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ

1. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Конвенцияның әрбір Тарабы бір дауысқа ие.

2. Экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары осы Конвенцияның

Тараптары болып табылатын олардың мүшесі-мемлекеттерінің санына тең дауыстар санына ие бола отырып, өздерінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша өздерінің дауыс беру құқығын жүзеге асырады.

## 19-бап ХАТШЫЛЫҚ

Еуропалық экономикалық комиссияның атқарушы хатшысы мынадай хатшылық фундаменталдық даудар

орындаиды:

- a) Тараптардың кеңесін шақырады және әзірлейді;
- b) Тараптарға баяндамалар және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес алынған басқа да ақпарат тапсырады;
- c) Тараптар белгілеуі мүмкін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 20-бап ҚОСЫМШАЛАР

Осы Конвенцияның қосымшалары оның ажырамас бөлігін құрайды.

## 21-бап КОНВЕНЦИЯГА ТҮЗЕТУЛЕР

1. Кез-келген Тарап осы Конвенцияга түзетулер ұсына алады.
2. Осы Конвенцияға түзетулер бойынша ұсыныстар Тараптардың кеңесінде қаралады.

3. Осы Конвенцияға ұсынылатын кез-келген түзетудің мәтіні Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына жазбаша түрде беріледі, ол оны қабылдау көзделген кеңес басталғанға дейін тоқсан күннен кешіктірмей барлық Тараптардың назарына жеткізеді.

4. Осы Конвенцияға түзету Кеңеске қатысушы осы Конвенцияның Тараптары өкілдерінің консенсусымен қабылданады және оны қабылдаған Тараптар үшін осы Тараптардың үштен екісі осы түзетудің қабылданғаны туралы өздерінің құжаттарын Депозитарийге сақтауға тапсырған күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді. Түзетудің қабылданғаны туралы құжаты осы Тарап сақтауға тапсырған күннен кейін тоқсаныншы күні түзету кез келген басқа Тарап үшін күшіне енеді.

## 22-бап ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ

1. Осы Конвенцияны пайымдауға немесе қолдануға қатысты екі немесе одан көп Тараптың арасында дау туындаған жағдайда олар келіссөз немесе дауға қатысушы Тараптар үшін қолайлы кез-келген басқа тәсіл арқылы дауларды реттеуге ұмтылады.

2. Осы Конвенцияға қол қою, оны бекіту, қабылдау, күшіне енгізу немесе оған қосылу кезінде немесе осыдан кейін кез-келген уақытта кез-келген Тарап жазбаша түрде Депозитарийге осы баптың 1-тармағына сәйкес реттелмеген дауға байланысты ол

өзіне дәл осындай міндеттеме қабылдайтын кез-келген Тарап үшін міндетті міндеттеме ретінде дауларды реттеудің мына құралдарының бірін немесе екеуін де қабылдайтынын мәлімдей алады:

- a) дауды халықаралық сотқа беру;
- b) IV қосымшада айтылған рәсімге сәйкес төрелік сотқа беру.

3. Егер дауға қатысушы Тараптар осы баптың 2-тармағында айтылған дауларды реттеудің екі тәсілін де қабылдаса, дау, егер Тараптар өзгеше жайында уағдаласпаса, тек Халықаралық Сотқа қана берілуі мүмкін.

## **23-бап ҚОЛ ҚОЮ**

Осы Конвенция Еуропалық экономикалық комиссияға мүше мемлекеттердің, сондай-ақ 1947 жылғы 28 наурыздағы Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 36 (IV) қаравының 8-тармағына сәйкес Еуропалық экономикалық комиссия жанында консультативтік мәртебесі бар мемлекеттердің, сондай-ақ олардың мүше мемлекеттері осы Конвенция реттейтін мәселелер бойынша өкілеттіктер, оның ішінде осы мәселелерге қатысты шарттар жасасу өкілеттіктерін берген Еуропалық экономикалық комиссияға мүше егемен мемлекеттер құрған аймақтық экономикалық интеграция үйымдарының Хельсинкиде қол қоюы үшін 1992 жылғы 17 наурыздан 18 наурызга дейін және Нью-Йорктегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінде қол қоюы үшін 1992 жылғы 18 қыркүйекке дейін ашиқ.

## **24-бап ДЕПОЗИТАРИЙ**

Осы Конвенцияның Депозитарийі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы бой көрсетеді.

## **25-бап БЕКІТУ, ҚАБЫЛДАУ, КУШІНЕ ЕҢГІЗУ ЖӘНЕ ҚОСЫЛУ**

1. Осы Конвенцияны оған қол қойған мемлекеттер, аймақтық экономикалық интеграция үйымдары бекітуге, қабылдауға немесе күшіне енгізуге тиіс.

2. Осы Конвенция 23-бапта айтылған мемлекеттер мен үйымдардың қосылуына ашық.

3. 2-тармақта көрсетілмеген, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып табылатын кез келген басқа мемлекет Тараптар Кеңесінің келісімімен Конвенцияға қосыла алады. Мұндай мемлекет өзінің қосылу туралы құжатында оның Конвенцияға қосылуына Тараптар Кеңесінен келісім алынғаны туралы мәлімдейді және келісім алынған күнді көрсетеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы мүшелерінің тарапынан жасалған кез келген осындай қосылу туралы өтініш 2003 жылғы 28 қарашадағы жағдай бойынша

Конвенцияның Тараптары болып табылған барлық мемлекеттер мен ұйымдар үшін осы тармақ күшіне енгенге дейін Тараптар Кеңесінің келісімін алу нысанасы ретінде қарастырылады

4. 23-бапта айтылған, осы Конвенцияның Тарабына айналатын кез-келген ұйым, осы ұйымға мүше мемлекеттердің бірде-бірі осы Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын күннің өзінде, осы Конвенцияда көзделген барлық міндеттемелермен байланысты болады. Осындай ұйымға мүше бір немесе бірнеше мемлекет осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын жағдайда осы ұйым мен оған мүше мемлекеттер осы Конвенция бойынша өзінің міндеттемелерін орындау жөніндегі олардың тиісті міндеттемелеріне қатысты шешім қабылдайды. Мұндай жағдайларда осы ұйым мен оған мүше мемлекеттер осы Конвенцияда көзделген құқықтарды бір мезгілде пайдалана алмайды.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.01.2015 № 282-V Заңымен.

## 26-бап КҮШІНЕ ЕНУ

1. Осы Конвенция бекіту, қабылдау, күшіне енгізу немесе қосылу туралы он алтыншы құжат сақтауға тапсырылған соң тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы баптың 1-тармағының мақсаттары үшін аймақтық экономикалық интеграция ұйымы сақтауға тапсыратын кез-келген құжат осындай ұйымға мүше мемлекеттер сақтауға тапсыратын құжаттарға қосымша құжат ретінде қаралмайды.

3. 23-бапта немесе 25-баптың 3-тармағында аталған, осы Конвенцияны бекітін, қабылдайтын немесе қүшіне енгізетін немесе бекіту, қабылдау, күшіне енгізу немесе қосылу туралы он алтыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін оған қосылатын әрбір мемлекет немесе ұйым үшін Конвенция осындай мемлекет немесе ұйым бекіту, қабылдау, күшіне енгізу немесе қосылу туралы өзінің құжатын тапсырған соң тоқсаныншы күні күшіне енеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.01.2015 № 282-V Заңымен.

## 27-бап ШЫҒУ

Кез-келген Тарап үшін осы Конвенция күшіне енгеннен кейін үш жыл өткен соң кез-келген уақытта осы Тарап Депозитарийге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Конвенциядан шыға алады. Кез-келген осындай шығу Депозитарий ол туралы хабарлама алған күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

## 28-бап ТҮПНҰСҚАЛЫҚ МӘТИНДЕР

Осы Конвенцияның ағылшын, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері бірдей дәрежеде түпнұсқалық мәтін болып табылатын түпнұсқасы Біріккен Ұлттар

Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.  
ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРА ОТЫРЫП осыған тиісті дәрежеде өкілеттік алып қол қойғандар осы Конвенцияға қол қойды.

Хельсинкиде бір мың тоғыз жұз тоқсан екінші жылы он жетінші наурызда ЖАСАЛДЫ.

## I-ҚОСЫМША "ҚОЛДА БАР ЕҢ ЖАҚСЫ ТЕХНОЛОГИЯ" ТЕРМИНІНДА АНЫҚТАМАСЫ

1. "Қолда бар ең жақсы технология" термині сарқындыларды, тастандыларды және қалдықтарды шектеу үшін нақты шара ретінде іс жүзінде жарамдылығын дәлелдеген процестерді, қондырғыларды немесе пайдалану әдістерін жасаудағы соңғы жетістіктерді білдіреді. Процестер, қондырғылар немесе пайдалану әдістері тұтас немесе әрбір жекелеген жағдайларда ең жақсы технология болып табыла ма деген мәселені анықтау кезінде:

а) соңғы кезде ойдағыдай сынақтан өткен салыстырмалы процестер, қондырғылар немесе пайдалану әдістері;

б) техникалық процесс және ғылыми білімдер мен проблеманы түсінудегі өзгерістер;

с) осындай технологияны экономикалық түрғыда қолдану мүмкіндігі;

д) жаңа кәсіпорындарда да, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда да жабдықтар орнатудың мерзімдік шеңбері;

е) тиісті сарқындылар мен ағын сулардың сипаты мен көлемі;

ф) қалдығы аз және қалдықсыз технология ерекше ескеріледі.

2. Сөйтіп, нақты процесс үшін "қолда бар ең жақсы технология" техникалық прогрестің, экономикалық және әлеуметтік факторлардың әсерімен, сондай-ақ ғылыми білімдер мен проблеманы түсінудің өзгеруіне сәйкес уақыт өте келе өзгеріске үшірайтын болады.

## II-ҚОСЫМША ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДАН АЛҒАНДА ЕҢ ЖАҚСЫ ПРАКТИКА ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН БАСШЫЛЫҚ ҚАФИДАТТАР

1. Нақты жағдайларда экологиялық түрғыдан алғанда ең жақсы практика болуы мүмкін неғұрлым қолайлы шаралар үйлесімін таңдап алу кезінде өздерінің маңызының арту тәртібімен көлтірілген мына шараларды ескеру керек:

а) нақты қызмет түрлерін немесе өнімдерді таңдап алушын, оларды пайдаланудың және түпкілікті жоюдың экологиялық зардаптары жөнінде пайдаланушы жүртшылық арасында ақпарат пен білім тарату;

- b) өнімнің өмірлік циклінің барлық қырын қамтитын тиісті экологиялық практика кодекстерін жасау және қолдану;
- c) өнімге, оны пайдалануға және түпкілікті жоюға байланысты қоршаған орта үшін қауіп жайында пайдаланушыларға хабарлайтын таңба;
- d) жұртшылықтың қолы жететін жинау мен жою жүйелері;
- e) рециркуляция, рекуперация және қайта пайдалану;
- f) қызмет, өнімдер немесе өнімдер топтары жөнінде экономикалық тұтқаларды қолдану;
- g) бірқатар шектеулерді немесе тыйым салушылықты көздейтін лицензиялар беру жүйесі.

2. Экологиялық тұрғыдан алғанда қандай шаралар үйлесімі ең жақсы практика болып табылатынын анықтау кезінде тұтас алғанда немесе әрбір жекелеген жағдайда:

- a) қоршаған орта үшін:  
 I) өнімнің;  
 II) өнім өндірудің;  
 III) өнімді пайдаланудың;  
 IV) өнімді түпкілікті жоюдың қаупі;

- b) онша көп ластамайтын процестермен немесе заттармен алмастыру мүмкіндігі;  
 c) пайдалану көлемі;  
 d) ықтимал экологиялық артықшылықтар немесе балама материалдардың немесе қызметтің жетімсіздігі;  
 e) ғылыми білімдер мен проблемаларды түсінудегі прогресс пенөзгерістер;  
 f) жүзеге асырудың уақыт шенберлері;  
 g) әлеуметтік және экономикалық зардаптар ерекше ескерілуі керек.

3. Сөйтіп, нақты ластау көзі үшін экологиялық тұрғыдан алғанда ең жақсы практика техникалық прогрестің, экономикалық және әлеуметтік факторлардың әсерімен, сондай-ақ ғылыми білімдер мен проблеманы түсінудің өзгеруіне сәйкес уақыт өте келе өзгеріске ұшырайтын болады.

### **Ш-ҚОСЫМША СУ САПАСЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ӨЛШЕМДЕРІН ЖАСАУДЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚАИДАТТАРЫ**

Су сапасының нысаналы көрсеткіштері мен өлшемдері:

- a) қазіргі су сапасын сақтау және қажет болған жағдайда оны жақсарту мақсатын ескереді;
- b) ластанудың, әсіресе қауіпті заттармен ластанудың орташа көлемін белгілі бір уақыт аралығы шегінде белгілі бір деңгейге дейін қысқартуға бағытталған;
- c) су сапасына қойылатын нақты талаптарды (ауыз сүйна арналған қайнамаған су, егіс суару және т.б.) ескере отырып;

- d) сезімтал және ерекше қорғалатын сулар жөніндегі нақты талаптарды ескереді;
- e) су сапасын сақтап және жақсарта отырып жағдайды орта мерзімді және ұзақ мерзімді тұрғыда тексеру мақсаттары үшін экологиялық сыныптама мен химиялық индекстер әдістерін қолдану негізінде белгіленеді;
- f) нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесін, сондай-ақ жекелеген жағдайларда қажет болып қалуы мүмкін сарқындыларда ластаушылардың болуының шекті нормаларына негізделген қосымша қорғау шараларын ескереді.

## IV-ҚОСЫМША АРБИТРАЖ

1. Осы Конвенцияның 22-бабының 2-тармағына сәйкес әлдеқандай дау арбитраждың тексеруіне берілген жағдайда Тарап немесе Тараптар төреліктे тексеру нысанасы туралы хатшылыққа хабарлайды және, атап айтқанда, пайымдауға немесе қолдануға байланысты дау туындаған осы Конвенцияның баптарын көрсетеді.

Хатшылық алынған ақпаратты осы Конвенцияның барлық Тараптарына қоса ж і б е р е д і .

2. Төрелік соты үш мүшеден тұрады. Талапкер-тарап немесе талапкер тараптар, басқа тарап сияқты немесе дауға қатысуши тараптар бір-бір төрешіден тағайындаиды және осындай тұрде тағайындалған екі төреші өзара келісім бойынша төрелік соттың төрағасы міндеттін орындаитын үшінші төрешіні тағайындаиды, ол дау тараптарының бірінің азаматы бола алмайды және өзінің әдеттегі тұрғылықты жеріне осы тараптардың бірінің аумағын ала алмайды, онда қызметте болмайды немесе қандай бір тұрғыдан бұл іске қатысты болмайды.

3. Егер екінші төрешіні тағайындаған кейін екі ай өткен соң төрелік соттың төрағасы тағайындалмаса, онда дау тараптарының кез келгенінің өтініші бойынша Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысы оны келесі екі ай ішінде тағайындаиды.

4. Егер даудың бір тарабы өтініш алғаннан кейін екі ай ішінде төрешіні тағайындармаса, онда басқа тарап бойынша Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына бұл туралы хабарлауға құқылы, ол келесі екі ай ішінде төрелік соттың төрағасын тағайындаиды. Өзі тағайындалғаннан кейін төрелік соттың төрағасы әлі төраға тағайындармаган тараптан мұны екі ай ішінде жасауды сұрайды. Егер ол мұны екі ай ішінде іstemесе, онда төраға тиісті тұрде бойынша Еуропалық экономикалық комиссияның Атқарушы хатшысына хабар береді, ол бұл төрешіні келесі екі ай ішінде тағайындаиды.

5. Төрелік сот өз шешімін халықаралық құқыққа және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес шығарады.

6. Осы қосымшаның ережелеріне сәйкес құрылған кез келген төрелік сот өзінің өзіндік рәсімінің ережелерін әзірлейді.

7. Төрелік соттың шешімін рәсімдік мәселелер бойынша да және тиісті мәселелер бойынша да оның мүшелері көпшілік дауыспен қабылдайды.

8. Сот фактілерді анықтау үшін барлық тиісті шараларды қабылдай алады.

9. Дау тарапы төрелік сот жұмысына, оның ішінде қарамағында бар барлық құралдарды пайдалана отырып жәрдем береді:

а) оған барлық тиісті құжаттарды, шарттары мен ақпаратты береді;

б) қажет болған жағдайда оған қуәларды немесе сарапшыларды шақыру және олардың айғақтарын тыңдау мүмкіндігін береді.

10. Тараптар мен төрелік сот мүшелері өздері төрелік сотта іс қарау барысында құпия тәртіппен алған кез келген ақпараттың құпиялышының сақтайды.

11. Төрелік сот тараптардың бірінің өтініші бойынша уақытша қорғау шараларын қабылдауға үсінис жасай алады.

12. Егер дау тараптарының бірі төрелік сотқа келмесе немесе өз ісін қарауға қатыспаса, онда басқа тарап соттан іс қарауды жалғастыруды және өзінің түбегейлі шешімін шығаруды сұрай алады. Сотта тараптардың бірінің болмауы немесе тараптардың бірінің іс қарауға қатыспауды іс қарау үшін кедергі болмайды. Түбегейлі шешім шығарар алдында төрелік сот талаптың іс және заңда талаптарға негізделгеніне көз жеткізуге тиіс.

13. Төрелік сот тікелей даудың мәнінен туындаған қарсы талаптарды тыңдал, ол бойынша шешім шығара алады.

14. Егер төрелік сот істің нақты жағдайларын негізге ала отырып, өзге шешім қабылдамаса, онда сот мүшелерінің қызметтеріне төлеуді қоса алғанда, сот шығындарын дау тараптары тең бөліседі. Сот өзінің барлық шығындарын тіркейді және тараптарға осы шығындар туралы түбегейлі есеп береді.

15. Дау нысанасында құқықтық сипаттағы мүддесі бар және осы іс бойынша шешім нәтижесінде қозғау салынатын осы Конвенцияның кез келген тараптың сот келісімімен іс қарауға құқығы бар.

16. Төрелік сот, ол бұл мерзімді бес ақпан аспайтын мерзімге ұзарту қажет деп тапса, өзі құрылғаннан кейінгі бес ай ішінде өз шешімін шығарады.

17. Төрелік соттың шешімі себептерді түсіндірумен қоса жүреді. Оның шешімі түбегейлі және даудың барлық тараптары үшін міндетті болып табылады. Төрелік сот өз шешімін дау тараптары мен хатшылықтың назарына жеткізеді. Хатшылық алынған ақпаратты осы Конвенцияның барлық тараптарына жолдайды.

18. Тараптар арасында сот шешімін түсіндіруге немесе орындауға қатысты пайда болуы мүмкін кез келген дау осы шешімді шығарған төрелік сотқа кез келген тарап арқылы немесе оның қызметін пайдалану мүмкін болмаса, біріншісі сияқты осындай мақсатпен құрылған сотқа беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК